

ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫС НЕГІЗІНДЕ АКАДЕМИЯЛЫҚ ЖАЗЫЛЫМ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Астана қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі

Ахметова Сауле Рамазановна, мұғалім – зерттеуші
Абданбаева Ақкөгершін Абайқызы, мұғалім – сарапшы
Батырханова Айгүл Ғабитқызы, мұғалім – модератор
Турарбеков Дулат Муратбекович, мұғалім – сарапшы

Абстракт. **Іс-әрекеттегі зерттеуіміздің мақсаты:** әртүрлі пәндерде эссе жазудың ерекшелігін ескеріп, әдіс-тәсілдерді саралау негізінде оқушылардың барлық пәндер бойынша эссе жазудың талаптарын құрылымдап, бірізді эссе құрылымын қолдануына қол жеткізу. **Зерттеудің маңыздылығы:** қоғамдық ғылымдар негіздері пәнінде аргументтік және салыстырмалы, дискуссивті эссе түрлерін, ал қазақ тілі, ағылшын, орыс тілі пәндерінде әдеби-талдау және әдеби-дәлелдеме түрлерін жиі қолданудың салдарынан пәндік ерекшеліктерге байланысты эссе түрлерін жазу және олардың құрылымы мен түрлеріне қойылатын талаптарының әртүрлілігі оқушылардың эссе жазудағы қиындықтарын туындатты. Сондықтан зерттеу нәтижесінде барлық пәндерден бірыңғай талаптар қою арқылы оқушылар бір пәнде қалыптасқан эссе жазу дағдыларын екінші пәнде қолдануға қол жеткізеді.

Әдіснама. Бұл жұмыста аралас (mixed method) зерттеу әдістері қолданылды. Қоғамдық ғылымдар негіздері және тілдік пәндерде жазылған эсселердің үлгілері, оқушы сауалнамаларының, мұғалімдермен сұхбаттың талдамасы, үлгерім мониторингі, эссе жазу дағдысын қалыптастырудың оңтайлы стратегияларын тәжірибеде қолдану және т.б.

Қорытынды. Зерттеу нәтижесінде қоғамдық ғылымдар негіздері және қазақ тілі пәндерінде эссе жазудың талаптары мен құрылым ерешелігі анықталды. Аталған пәндердің эссе жұмысын бағалау критерийлерінің ерекшеліктері өзара салыстырылды. Талаптар мен құрылымға қол жеткізудің жолдары талқыланды. Оқушылардың бір пәнде қалыптастырған эссе жазу дағдыларын екінші пәнде қолдана алуына мүмкіндік туғызатын стратегиялар сараланып, эссе жазудың моделі құрылымдалды.

Қолданылуы. Іс-әрекеттегі зерттеудің нәтижесін қоғамдық ғылымдар негіздері, қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі, ағылшын тілі пән мұғалімдері өз іс-тәжірибелерінде қолданса, оқушылар үшін МҮР бағдарламасында қалыптастырған эссе жазу дағдылары халықаралық дипломдық бағдарлама курсына сабақтаса жалғасады.

Кілт сөздер: эссе жазу дағдысы, түрлі әдіс-тәсілдер, әртүрлі пәндер, эссе моделі, эссе түрлері

Кіріспе. Зерттеу тақырыбына сәйкес «Пәнаралық байланыс арқылы үйретілген дағдылар 8-сынып оқушыларының эссе жазу дағдысын қалайша жақсартады?» және «Дәлелдеу мен аргументтеу дағдылары әр пәнде қалай үйретіледі?» деген зерттеу сұрақтары туындады. Оқушылардың көпшілігі қазақ тілі сабағында әдеби-талдау, сонымен қатар, әдеби-дәлелдеме эсселерінен гөрі тарих пәнінде үйренген аргументті эссе жазу құрылымын қолдануға бейім деген наразылықтарын қазақ тілі пәні мұғалімдерінен жиі естиміз. Сол себепті пәнаралық байланыс негізінде эссе жазудың құрылымын салыстыра талдап, эссе жазуды жақсартудың оңтайлы жолдарын қарастыру мәселесі анықталды.

Әдебиеттерге шолу. Зерттеу тақырыбына сәйкес теориялық әдебиеттерге талдау жүргізуде UNESDOC Цифрлық кітапханасының материалдарының негізінде құрылымдап оқытудың әдіс-тәсілдері туралы «Медиа және ақпараттық сауаттылық» көмекші құралынан ақпараттар [Wilson et al. 2018] мен “НЗМ” ДББҰ “Педагогикалық шеберлік орталығының” әдістемелік құралдары қолданылды. Аталған әдебиеттерге шолу жасағаннан кейін ақпараттарды визуалды модельдеп,

құрылымдап оқыту арқылы оқушылардың эссе жазу дағдыларын қалыптастыруда бірыңғай талап қоюды шешуге болатынын түсіндік. Модельдеп оқытудың әдістемелік құралдарын ұсынған Д.Қ. Советқанқызының «Эссе жазуға арналған 10 сабақ» әдістемелік құралындағы сараланған техникалары жазба жұмыстарын күрделі құрылымға сәйкес ұйымдастыруда тиімді болды [Советханқызы, 2017]. Сонымен қатар, «Дәйексөз және оның танымдық қызметі», - деп аталатын ф.ғ.д. Сарқыт Әлісжанның зерттеу еңбегі дәйектерді дұрыс құрылымдаудың жолдарын ұсынады [Әлісжан, 2016]. Мәселеге байланысты қарастырылған әдебиеттердің ішінен өз зерттеуімізде Р.П. Мильруд ұсынған анықтамаға негізделіп, оқушыларды эссе жазуға қалыптастыруда «Графикалық органайзер» [Роуди, 2014] құралы эссе жазу дағдысын қалыптастыруға тиімді болды.

Жазба жұмыстары қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың ойын еркін, терең, детальді жеткізу және шығармашылық ойлау дағдыларын қалыптастырады. Эссе өзіндік ойлап-сезіну қажеттілігін туғызатын, идеяны дәлелдеу, аргументтеуге негізделген күрделі композицияға құрылады. Өйткені пікірлер мен идеяларды ұйымдастыруда сәйкес композициялық құрылымды тиімді қолдану дағдысын жетілдіру жазба жұмыстарында оқушылардан талап етілетін ең маңызды дағды болып есептеледі [Әдістемелік құрал, 2003]. Жоғарыда аталған әдіс-тәсілдерді оқу сауаттылығының 3 оқырмандық біліктілігін (табу және алу, біріктіру және түсіндіру, түсіну және бағалау) қалыптастыру арқылы жүзеге асыруды жоспарладық. Оның тиімді әдіс-тәсілдері пән мұғалімдерінің тәжірибесімен түсіндіріледі. Оқу сауаттылығы дағдысы жазба мәтіндерді түсіну, академиялық жазылым тілін дамытуға көмектеседі [Даулетова, 2019].

Зерттеу гипотезасы. Зерттеу нысанына алынған 8-сыныпта оқытылатын екі пәнде эссе жазуға арналған стратегиялар сараланып, академиялық жазылым дағдысын үйретудің әдістемелік базасы құрылады. Оқушылардың сараланған, эссе жазу стратегияларын қолдануы олардың зерттеу, ойлау дағдыларын дамытады, демек, бұл екі пәндегі эссе жазудың құрылымындық ерекшелігін ажыратып түсінуге қол жеткізіп, критериялды бағалаудың жоғары жетістігіне қол жеткізеді.

Күтілетін нәтиже:

- пәндерде эссе жазу құрылымы мен командалық терминге сәйкес түрлерінің ерекшеліктері анықталады;
- пән мұғалімдері эссе жазу дағдысын қалыптастырудың тиімді стратегияларын саралап ұсынады;
- эссе жазылымын (академиялық жазылым) ойша модельдеу арқылы визуалды құрылымдау дағдыларын қалыптастырады;

• оқушылар бір пәннен үйренген эссе жазу дағдыларын өзге пәнде қолдануға қол жеткізеді;

Әдіснама. Бұл жұмыста аралас (mixed method) зерттеу әдістері қолданылды. Қоғамдық ғылымдар негіздері және тілдік пәндерде жазылған эсселердің үлгілері, оқушы сауалнамаларының, мұғалімдермен сұхбаттың талдамасы, үлгерім мониторингі, эссе жазу дағдысын қалыптастырудың сараланған, озық стратегияларын іс- тәжірибеде қолдану және т.б.

Сауалнама. Зерттеу нысанына алынған 8-сынып оқушыларының академиялық жазылым бойынша түсінік деңгейлері мен кездесетін кедергілерін анықтау мақсатында алынған бастапқы сауалнамада оқушылар орыс тілі, қазақ тілі, ағылшын тілі, қоғамдық ғылымдар негіздері, әлеуметтік ғылымдар пәндері бойынша эссе жазудың құрылымына қатысты ұқсастықтар мен айырмашылықтар туралы сұрақтарға төмендегі салыстыру критерийлеріне сүйеніп жауап берді:

- эссенің түрлері;
- эссенің толық құрылымы;
- абзац құрылымы;
- сөз саны;
- аргументтер саны;
- көзқарастар позициясы;

Оқушылардан алынған сауалнама нәтижесінде қоғамдық ғылымдар негіздері, қазақ тілі мен әдебиеті және әлеуметтік ғылымдар пәндерінде эссенің жалпы құрылымы, аргументтер саны, фактыларға байланысты қойылатын талаптардың ұқсастығы анықталды. Сауалнама алу барысында қоғамдық ғылымдар негіздері пәнінен эссе жазуда сөз саны шектелмейтіні және

әлеуметтік ғылымдар пәнінде эссе жазуға қажетті бірнеше тірек сөздің алдын ала берілетіндігімен ерекшеленді.

Жас ерекшеліктеріне байланысты қазақ тілі мен әдебиеті пәнінде 7-8-сыныпта эссе жазудың дағдылары (сыни, шығармашылық ойлау) шығармашылық жұмыстар және мәтінді талдау түрлері негізінде дамытылса, ал, 8-сыныптың аяғы, 9-сыныпта шығарманы терең талдауды талап ететін күрделі құрылымды эссе жазады. Қоғамдық ғылымдар негіздері мен әлеуметтік ғылымдар пәндерінде 7-сыныптан бастап аргументті эссе жазу дағдылары қалыптастырыла отырып, тақырып бойынша басты командалық терминдерді тиімді түсініп қолдануға басты назар аударылады.

Мұғалімдермен сұхбат. Зерттеу барысында пән мұғалімдерінен эссе жазуға қатысты келесі сұрақтарға жауап алдық:

- пәнде эссенің қандай түрлерін жиі жазғызасыз?
- эссе жазғызуда қандай әдебиеттерге сүйенесіз?
- эссе жазуда оқушыларда үнемі қайталайтын қандай қателер болады?
- эссе жазуда оқушылардың үнемі қайталайтын қателіктері немен байланысты?


Мұғалімдердің сұхбатта берген жауаптары оқушылардың жауабымен сәйкес келді. 8-сынып оқушылары қоғамдық ғылымдар негіздері және әлеуметтік ғылымдар пәнінен аргументтік эссе жазу дағдыларын қалыптастыра бастаған (1-сурет). Ал эссе жазуда туындайтын қиындықтар ол: эссе түрлерін ажырату, әрбір эссенің түрлеріне байланысты қойылатын талаптар, тезисті құрылымдау, аргументтерді дәлелдеу, пайымдау мен қорытындылау, командалық терминдерді қолдануға мән бермеудің кесірінен эссе жазу бағытын нақты анықтай алмағандығы анықталды. (2-сурет).

Оқушылардан алынған сауалнама.

1-сурет.

Эссенің қандай түрлерін жазып жүрсің?


55 ответов



2-сурет

Эссе жазуда қандай қиыншылықтар жиі кездеседі?

55 ответов



Зерттеу нәтижесі.

Қоғамдық ғылымдар негіздері пәнінен I жартыжылдықта 8-сынып оқушылары “Қазақ хандығы ұлттық бірегейлік пен қауіпсіздікті қаншалықты сақтай алды?” тақырыбы бойынша эссені жазудың құрылымын қалыптастыру барысында сабақтарда («FILA кестесі», “Өз ұстанымыңды айқында” т.б.) бірнеше стратегияларды қолданудың нәтижесінде сынып оқушыларының көпшілігі эссе жазуының құрылымын меңгергендерін байқатты, алайда бірнеше оқушы оң нәтиже көрсетпеді. Мысалы, 8Д сыныбындағы 25 оқушының 11-і Д критерийі бойынша, аргументтерді дәлелдермен негіздеуден қателіктер жіберген. Бұл үдерістің қалыптастырушы және қорытынды бақылау жұмысын жазу барысында қайталанып отыруы, қателіктердің себебін анықтау қажеттілігін туындатты. Осы мақсатта қазақ тілі мен әдебиеті пәнінде оқушылар эссені қаншалықты талапқа сай орындайтының білгіміз келді. Тілдік пәндердің мұғалімдерімен сұхбаттасу негізінде сұрағымызға жауап алдық.

8-сыныпта оқитын аталған пәндер мұғалімдері көлденең жоспарлау барысында эссе жазуға қажетті дағдыларды қалыптастыру стратегияларын таңдаудан бастадық. Себебі, бірлескен жоспарлау стратегияларды қайталанбауына, бір пәнде үйретілген стратегияларды келесі пәнде еркін пайдалануға қол жеткізеді. Сонымен қатар, бірлесіп жоспарланған стратегиялар оқушының бойында келесі дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік береді. Атап айтқанда, оқушылар мәтіннің негізгі ойын айқындау, негізгі және жанама ақпаратты ажырата білу, екі немесе одан да көп мәтіннің мазмұнын салыстырып, ерекшеліктерін анықтау, мәтінді тез шолып өту, мәтіннің мағыналық құрылымын анықтау және қажетті ақпаратты іріктеу, сұраққа сәйкес қажетті ақпаратты таба білу, мәтіннің мазмұны бойынша қорытынды жасау, мәтіннің атауын түсіндіре алу, мәтін ақпаратын өмірмен байланыстыра білу эссені мазмұнды жазуға қажетті дағдыларды меңгеруді жоспарладық.

Көлденең жоспарлаудың нәтижесінде пікірлерді растайтын аргументтер құру, өз көзқарасын дәлелдеуге бағытталған түрлі тәсілдерді қолдану арқылы эссе және басқа жазба жұмыстарын құрылымын жақсартуға қажетті дағдыларды айқындадық. Осындай жоспарлаудың нәтижесінде, оқушылардың бір пәнде үйренген дағдыларын келесі пәндерде қолдана алатындығына болжам жасадық.

Ал оқушылардың эссе жазу дағдыларын қалыптастырудың қандай стратегиялары таңдалды?

- Эссені мазмұнды жазуға бағытталған стратегиялар: автордың ойын бағалау, тұжырым шығару, болжам жасау, артықшылығы мен кемшілігін саралау, проблемалық сұрақтар арқылы зерттеу секілді оқылым тапсырмалары үшін «Логикалық мағынаға негізделген эвристикалық жобалау технологиясы», «Форсайт», SWOT-талдау, «5 проблемалық сұрақ және жауап», «Блум түймедағы», «Журналистік сауалдар», «Төрт ресурс», «Пресс-конференция».
- Эссені құрылымдауға бағытталған стратегиялар: қазақ тілі мен әдебиеті пәнінде негізгі ойды анықтау, пікірін білдіру, көзқарастарды талдау, аргумент келтіру мақсатындағы

оқылым тапсырмалары үшін «Ой-пікір-дәлел-қорытынды», «Дербес пікір», «Пікірлер алаңы», «Сұрақ-жауап». Аталған стратегиялар оқушылардың автор ой түйінінен қорытынды шығару, ақпаратты жинақтау, мәтіннің мазмұны бойынша қорытынды жасау, пікірлерді растайтын аргументтерді табу, мәтіннің атауын түсіндіру сияқты дағдыларын дамытты.

- Қоғамдық ғылымдар негіздері пәнінде ақпаратты жинақтауда, өмірлік тәжірибемен байланыстырып, сыни талдауда «FILA кестесі» әдісінің [Даулетова, 2019] тиімділігі жоғары. Мысалы, қоғамдық ғылымдар негіздері курсы бойынша “Абылай ханның сыртқы саясаты” тақырыбын өткенде топ мүшелерінің бірі Абылай ханның қоғамның қауіпсіздігін нығайтуға негізделген дипломатиялық іс-әрекетіне мәтіннен сәйкес фактілер (цитаталар) жинақтаса, екіншісі мәтіннің идеясын, үшіншісі, мәтін негізінде сұрақтар құрастырып, төртіншісі сұраққа сәйкес іс-әрекет жоспарын құрады. Қорытындысында топ мүшелері жұмыстарын біріктіріп, кестеде орындайды. Соңында «FILA кестесін» сыныпқа таныстырып, жұмыстарын қорғайды. Сонымен қатар, «Корнелл кестесі» әдісі [Роуди, 2014] де мәтіндегі ақпаратты жинақтап, біріктіруде қоғамдық ғылымдар негіздері пәнінде қолдану тиімді болып табылады. Аталған стратегиялар эссенің мазмұнының тереңдетуге мүмкіндік береді.
- Сонымен бірге, “Өз ұстанымыңды айқында” тәсілі [Онбасиева, 2017] мәтінді оқып, мәселені немесе қарама-қарсы көзқарастарды анықтаған кезеңде пайдалану тиімді. Оқушылар тапсырманы Jamboard тақтасында орындады. Әр топқа бөлінген тақырыптан оқушылар мәселелерді анықтап, екі жақты көзқараста талдады. Ойларын дәйектеп, сәйкес фактілермен бекіте алды. Кестеде өз көзқарастарын негіздегеннен кейін, өз пікірлерін ауызша қорғау әдістері аргументті дұрыс құрылымдауға ықпал етеді. Қазақ тілі мен әдебиеті және қоғамдық ғылым негіздері пәндерінде ПОПС» формуласы, «Т кестесі», «Гамбургер» әдістері, графикалық органайзерлер пәндік білімдерді шығармашылықпен тасымалдап, сәйкес композицияны құруға ықпал етсе, «Т кестесі» арқылы идеяларды дәлелдеп, салыстырып, қолдану негізінде эссе жазу дағдысының қалыптасуына мүмкіндік береді.

Нәтижесінде,

- мұғалімдердің қажетті стратегияларды таңдау мен қолдануды жүйелі жоспарлау арқылы эссе жазуға ортақ талап қоюға;
- стратегиялар көмегімен бір пәнде үйренген дағдыларын оқушылар екінші пәнде еркін қолдануға;
- оқушы мен мұғалімдердің уақытын үнемдеуге;
- пәнаралық байланысты қалыптастыра отырып, ынтымақтастықта мақсатты жұмыс жасауға
- барлық пәндер бойынша эссе жазуға бағытталған қалыптастырушы жұмыстарды қорытынды бақылау жұмысына бағыттауға;
- эссе жазуға бағытталған қалыптастырушы жұмыстарды орындау барысында жетістік деңгейін жоғарылатуға қол жеткізді.

Зерттеу нысаны ретінде таңдалған 8Д сыныбы оқушыларының екінші бақылау жұмысы алынды. Зерттеу барысында оқушыларға таңдауға келесі тақырыптар ұсынылды. “Кіші жүздің Ресейге қосылуының қазақ қоғамы үшін пайдасы мен зияны”, “Абылай хан қазақ хандығының қауіпсіздігі мен дербестігін нығайтты/нығайтпады”, “1822-1824 жылдардағы реформалар қазақ елін дамытты/дамытпады” тақырыптары бойынша сыни, екі жақты көзқараста талдауға бағытталған эссені қоғамдық ғылымдар негіздері пәнінде жазды.

Зерттеу нәтижесі көрсеткендей бастапқы эссе жазуда орын алған қателіктер. Оқушылар нақты дәлелді пайымдаулар мен дәлелді мысалдар келтіріп, аргумент, түсіндіру мен дәлелді өзара байланыста қорытындылай алды. 8 Д сыныбының 22 оқушысы бағалау критерийлерінің деңгейлік талабына сай, эссені жоғары деңгейде орындады.

Зерттеудің нәтижесінде, 8 сыныпқа қазақ тілі мен әдебиеті, тарих пәндерінде сабақ беретін мұғалімдердің эссе жазу дағдыларын қалыптастыратын стратегиялардың ортақ базасы

қалыптасты; Осы стратегияларды қолданудың әдістемесі жинақталды. Бұл мұғалімнің жұмысын жеңілдетті, себебі, бір пәннен үйреткен дағдыны басқа пәндерде үйретуге уақыт кетірмей қолдана алатын болды. Бір пәнде үйретілген дағдыны келесі пәнде қолдану нәтижесінде оқушының эссе жазу шеберлігі артты. Дегенмен, оқушыларда эссенің түрлеріне қарай, командалық терминдерді (дәлелде, талқыла, талда, түсіндір, салыстыр т.б.) қолдану дағдысын әлі де дамыту қажеттігі байқалды.

8-сыныпқа сабақ беретін қазақ тілі мен әдебиеті және қоғамдық ғылымдар пәндері мұғалімдерімен бірлесіп эссе жазудың құрылымдық моделін (1-кестеде) жасау оқушылардың эссені жоғары деңгейде орындауларына ықпал еткені байқалды.

1-кесте. Эссенің құрылымдық моделі

Қоғамдық ғылымдар негіздері	Қазақ тілі мен әдебиеті
<p>Кіріспе <i>1. Тарихи мәнмәтінді қалыптасқан жағдайда сипатта (Қашан? Қайда?) (3-4 сөйлем)</i> <i>2. Зерттеу сұрағының мақсатын айқындап, түсіндіреді (2-3 сөйлем)</i> <i>3. Эссе тезисі. Зерттеу сұрағына екі жақты позицияда қысқаша жауап беретін аргументтердің негізгі идеясы.</i></p>	<p>Кіріспе 15% <i>1. Эссе тақырыбын түсінгені туралы сөйлем.</i> <i>2. Тақырыптың өзектілігін негіздейтін сөйлем.</i> <i>3. Шығарма мен авторды таңдауын негіздейтін сөйлем.</i> <i>4. Тезис (күрделі 1 сөйлем немесе 2 жай сөйлем) Тезисте негізгі бөлімде қарастырылатын аргументтердің идеялары қамтылуы керек (келісетін екі аргумент болуы керек). Қарсы аргумент КӨРСЕТІЛМЕЙДІ.</i></p>
<p>Негізгі бөлім <i>2 негізгі және 1 қарсы көзқарасты ұсынады. (3 толық абзац) дәлелдемені екі позицияда толық қарастырады</i> <i>A- аргумент (позиция)</i> <i>T- түсіндіру (аргументті түсіндіру)</i> <i>M- мысал (аргументті фактымен бекіту)</i> <i>Қ- қорытынды (позицияны тұжырымдау)</i></p>	<p>Негізгі бөлім 70% <i>2 (жақтайтын аргументтер) және 1 (қарсы аргумент) негізгі аргументтерді ұсынады.</i> <i>A- аргумент. (Не?)</i> <i>T-түсіндіру (Неге?)</i> <i>Д-дәлел\мысал келтіру</i> <i>T-талдау</i> <i>Қ- қорытындылайтын сөйлем</i></p>
<p>Қорытынды бөлім <i>Негізгі және қарсы аргументтердің салдарын талдай отырып, зерттеу идеясымен байланыстырып қорытынды жасайды.</i></p>	<p>Қорытынды бөлім 15% <i>Кіріспе бөлімнің тезисіндегі ойды перифраз арқылы жеткізу. Негізгі бөлім абзацтарының түйіні</i></p>

Екі пән бойынша эссенің құрылымдық моделін зерделеу нәтижесінде ұқсастықтары басым екендігіне көз жеткіздік. Ұқсастықтары: эссенің жалпы құрылымы мен аргументті ұсыну, түсіндіру, дәлелдеу, қорытындылау болса, айырмашылығы: позицияны екі жақты қарастыру мен сөз санына қойылатын талаптар екендігі байқалды.

Қорытынды. Қорытындылай келе, іс-әрекеттегі зерттеуіміздің нәтижесінде келесі мақсаттарға қол жеткізе алдық:

- оқушылардың тілдік пәндерде неліктен қоғамдық ғылымдар және әлеуметтік ғылымдар пәнінде үйретілген тарихи эссе жазу құрылымын қолдануға бейім келетін себебі айқындалды;
- әртүрлі пәндерде эссе жазудың ерекшелігі ескеріліп, дағдыларды қалыптастырудың ортақ стратегиялары сараланды;

- эссе жазу дағдыларын әртүрлі пәндерде ұштастырып үйретудің тиімділігіне оқушылардың тәжірибесі арқылы көз жеткізілді;

Зерттеуімізде оқушылардың эссе жазу дағдыларын әртүрлі пәндерде ұштастыру маңызды екендігіне көз жеткіздік. Тәжірибе барысында тілдік пәндерде эссе жазу әдеби талдауға негізделсе, эссенің аргументтеу мен салыстыру түрлері тарих пәні үшін тиімділігі ескерілді.

Әрине, эссені жазудың ортақ моделі мен эссе жазудың дағдысын қалыптастыруға бағытталған стратегиялар негізінде мәселе толық шешілді деп айту мүмкін емес. Іс-әрекетті зерттеу тәжірибе нәтижесінде эссенің түрлеріне қарай командалық терминдерді қолдану дағдысын әлі де дамыту қажеттігі анықталды. Олай болса, іс-әрекеттегі зерттеуіміздің келесі циклінде командалық терминдерді қолдану арқылы эссе түрлерін ажырата білуді пәнаралық байланыста қарастыру ісін жалғастыруды ұйғардық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- Астана қаласының Білім басқармасы. (2003). Эссе жазу жөніндегі әдістемелік нұсқаулық. Әдістемелік кабинет. Астана, Қазақстан.
- Даулетова, Н. (2019). Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың тиімді әдістері. [Әдістемелік құрал]. «Өрлеу» БАҰО» АҚ. Атырау, Қазақстан: Даулетова.
- Қазақстан Республикасы Үкіметі. (2012). Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары. [Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 832 қаулысы]. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1200000832> сайтынан алынды.
- Онбасиева, Ш. (2017). Мәтінмен жұмыс жүргізу арқылы оқу сауаттылығын дамыту. [Әдістемелік құрал]. Педагогикалық шеберлік орталығы. Астана, Қазақстан: Онбасиева.
- Онбасиева, Ш. (2016). Мәтінмен жұмыстың тиімді тәсілдері. [Әдістемелік құрал]. Педагогикалық шеберлік орталығы. Астана, Қазақстан: Онбасиева.
- Әлісжан, С. (2016). Дәйексөз және оның танымдық қызметі. <http://nur.nu.edu.kz/handle/123456789/1398> дереккөзден алынды.
- Советқанқызы, Д. (2017). Эссе жазуға арналған 10 сабақ. Алматы, Қазақстан: Q_ORATOR mektebi. <https://www.youtube.com/watch?v=zLaBUiX4PEQ> бейнехостинг базасынан алынды.
- Роуди, М. (2014). Визуальные заметки: иллюстрированное руководство по скетчноутингу. / М. Роуди: перевод с англ. К. Наумова. Москва, РФ: Иванов и Фербер.
- International Baccalaureate Organization. (2014). MYP: From principles into practice. [Brochure]. Cardiff, Wales, United Kingdom.
- International Baccalaureate Organization. (2014). Middle Years Programme Fostering interdisciplinary teaching and Learning in the MYP. [Brochure]. Cardiff, Wales, United Kingdom.
- Wilson, C., Grizzle, A., Tuazon, R., Akyeampong, K., Cheung, C. (2018). Медиа және ақпараттық сауаттылық: оқытушыларға көмекші құрал. [Brochure]. <https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000366285> дереккөзден алынды.